

Satbayev University этикалық комиссияның қорытындысы

«20» 03 2026 ж.

Алматы қ.

1.	Докторанттың ТАӘ	Нуржаубаев Мейрам Маханович
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	8D11301 – «Көлік қызметтері»
3.	Докторантурада оқу кезеңі	2021-2024 ж.ж.
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	«Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» (№2028-д бұйрық 30.12.2021 ж.)
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Болатқызы Салтанат – э.ғ.к., «Логистика» бағытының қауымдастырылған профессоры, Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (Алматы қ., ҚР); Избаирова Алия Сериковна – т.ғ.к., «Логистика» бағытының қауымдастырылған профессоры, Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (Алматы қ., ҚР); Лукиных Валерий Федорович – э.ғ.д., профессор, «Агроөнеркәсіптегі Логистика және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі (Красноярск қ., Ресей)
6.	Зерттеу объектілері	Зерттеу объектісі техникалық станциялардан вагонағындарды жинақтау, құрастыру, жөнелту және магистральдық теміржол желісіндегі вагонағындарды ілгерілету үрдістері болып табылады
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесінде бұзушылықтар анықталған жоқ. М.М.Нуржаубаев «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің барлық кезеңдері қолданыстағы нормативтік-әдістемелік құжаттарға, ғылыми логикаға және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылды. Зерттеудің мақсаты нақты тұжырымдалған және өлшенетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған - пайдалану шығындарын азайту, бұл алты нақты және өзара байланысты міндеттерді қоюмен расталады. Әдістемелік аппарат қойылған мәселені шешудің кешенді тәсілін қамтамасыз ете отырып, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалады. Ғылыми жаңалық

		автордын вагонагындырын ұйымдастыру теориясы мен практикасын дамытуға, атап айтканда жинақтау параметрлерін пойыздар қозғалысының «рейстік моделімен» байланыстыру бөлігіндегі үлесін негізді түрде көрсетеді. Қорғауға шығарылған ережелер зерттеу нәтижелерінен қисынды түрде туындайды және мәлімделген міндеттерге сәйкес келеді, бұл тақырыптың жоғары дәрежеде пысықталғанын және ғылыми жұмыстың дұрыстығын көрсетеді.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтар анықталған жоқ. Диссертация аясында алынған нәтижелер Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорлары рецензиялаған басылымдардағы мақалалар және зерттеу тақырыбына сәйкес келетін Халықаралық ғылыми конференциялардағы баяндамалар түрінде ұсынылды. Жариялау процедурасы ғылыми ашықтыққа, авторлық құқықтар мен академиялық этикаға қойылатын талаптарға сәйкес келді. Деректерді бұрмалаумен, ақпаратты жасырумен байланысты бұзушылықтар тіркелмеген.
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	«Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмыста жанды табиғат пен тіршілік ету ортасы объектілері зерттеу процедураларына қатысқан жоқ. Жұмыста биологиялық объектілерге, экожүйелерге немесе тірі организмдердің тіршілік ету жағдайларына әсер етуге байланысты эксперименттер болған жоқ. Тиісінше, жанды табиғат объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау талап етілмеді, өйткені олар осы зерттеудің тақырыбы немесе құралы болған жоқ. Барлық ғылыми тұжырымдар тек математикалық модельдеуге және қоршаған ортаға этикалық тәуекелдерді болдырмайтын техникалық жүйелерді экономикалық және технологиялық бағалауға негізделген.

Этикалық комиссияның төрайымы

Г.К. Умирова

Этикалық комиссияның хатшысы

М. Хведелидзе

